

# ТОҢАЗЫТҚЫШ

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

**beko**



4784059

**KZ** |

4579963268

## **Құрметті клиент!**

Сіздің тоңазытқышыңызды тиімді пайдалану үшін пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқыңыз да, оны анықтамалық материал ретінде сақтап қойыңыз. Егер Сіз тоңазытқышты біреуге беретін болсаңыз, нұсқаулықты тоңазытқышпен бірге нұсқаулықты бірге беріңіз.

### **Пайдалану нұсқаулығының талаптарын орындау, тоңазытқышты оңай және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етеді.**

- Өрқашан қауіпсіздік техникасының сәйкес ережелерін сақтаңыз.
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты сенімді және қолжетімді жерде сақтаңыз.
- Тоңазытқышпен бірге берілетін өзге құжаттың барлығын оқуыңызды сұраймыз.

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулық тоңазытқыштардың бірнеше үлгісі үшін қолданылуы мүмкін. Онда үлгілер арасындағы айырмашылықтар көрсетілген.

Таңбалар:

### **Маңызды ақпарат пен пайдалы ұсыныстар.**



Маңызды ақпарат пен пайдалы ұсыныстар.



Өмір мен мүлік үшін қауіптілік.



Электр тогымен зақымдану қаупі.



Тоңазытқыштың қаптамасы Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұлттық заңнамаға сәйкес қайта өңделетін материалдардан дайындалған.



Кеден Одағының нарығында өнімнің бірыңғай айналым белгісі. Осы нышанмен таңбаланған өнім бағалаудың техникалық регламенттерінде белгіленген барлық рәсімінен өтті.

## 1 Қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау


Осы тарауда жарақат пен мүліктің зақымдану тәуекелін болдырмау үшін қажетті қауіп техникасы жөніндегі нұсқаулар ұсынылған. Осы нұсқауларды сақтамау өнімге кез келген кепілдіктердің күшін жоюға әкеледі.

### Мақсатты тағайындалуы

- Осы тоңазытқыш тұрмыста пайдалану үшін әзірленген. Ол коммерциялық пайдалануға немесе өнеркәсіптік қолдануға тағайындалмаған.
- Тоңазытқыш тамақ өнімдерін және сусындарды сақтауға ғана тағайындалған. Тоңазытқышта температураларды бақылауды талап етпейтін ерекше өнімдерді (температураның өзгеруіне сезімтал вакциналарды, дәрілік препараттарды, медициналық мақсаттағы заттарды және т. б.) сақтауға рұқсат етілмейді.
- Дайындаушы тоңазытқышты тағайындалмауы бойынша қолдану немесе оны теріс ұстау салдарынан болған кез келген зиян үшін жауапты болмайды.

### 1.1. Жалпы қауіпсіздік техникасы

- Дене, психикалық, ақыл- ой бұзылыстары бар немесе тиісті тәжірибесі мен білім тұлғаларға және балаларға осы тоңазытқышты олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаның қадағалауымен немесе оның нұсқауларына сәйкес пайдалануға рұқсат беріледі. Балаларға тоңазытқышпен ойнауға рұқсат берілмейді.
- Тоңазытқышты тазарту және жөндеу үшін электр қуатын беру желісінен ажырату қажет.
- Егер сіз тоңазытқышты біршама уақыт пайдаланбауды жоспарласаңыз, оны электр қуатын беру желісінен ажыратыңыз, ішіндегісінің барлығын шығарыңыз, жібітіңіз де, тоңазытқыш және мұздатқыш бөлігін құрғатып сүртіңіз. Тоңазытқыш есіктерін жартылай ашық қалдырыңыз.
- Тоңазытқышты желіден ажырату үшін кабельді тартуға рұқсат берілмейді, штепсельдің айырынан ұстау қажет.
- Электр қуатын беру желісіне қосар алдында штепсель контактілерін құрғақ матамен сүрту қажет.
- Тоңазытқышты жарамсыз розеткаға қосуға рұқсат берілмейді.



1-сур.

Егер артқы қабырғада басқару тақтасы бар қақпақ ашық болса, тоңазытқышты қолдануға рұқсат берілмейді.



Тоңазытқышты тазарту үшін бұды қолданбаңыз.  
Қауіпті! Электр тогымен зақымдануға болады.




Тоңазытқышты тазарту үшін оған суды тозаңдатуға немесе құюға рұқсат етілмейді.

- Тоңазытқышты пайдалануды бастар алдында электр қуатын қосу ережелерін сақтап, «Орнату» тарауында сипатталған, барлық қажетті рәсімдерді орындаңыз («Электр қуатын беруді қосу» тарауын қараңыз).

## Қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау

- Ақаулар туындағанда тоңазытқышты қолдануға болмайды, бұл электр тоғымен зақымдануға әкеп соқтыруы мүмкін. Егер «Ақауларды жою» тарауында ұсынылған нұсқауларды орындағаннан кейін мәселе шешілмесе, Беко 8-800-200-23-56 ыстық желісіне қоңырау шалыңыз.
- Тоңазытқышты жерге тұйықталған розеткаға қосқан жөн. Жерге тұйықтау білікті электрикпен орындалуы тиіс.
- Егер тоңазытқыш жарық диодты жарықтандырумен жабдықталған болса, не қандай да бір жарамсыздық жағдайында авторландырылған сервистік орталыққа жүгінген жөн.
- Тоңазытылған өнімдерге су қолыңызды тигізбеңіз. Олар сіздің қолыңызға жабысып қалуы мүмкін.
- Мұздатқыш бөлімге бөтелкелердегі немесе қаңылтыр құтылардағы сұйықтықтарды орналастырмаңыз. Олар деформациялануы және ішіндегісін немесе сіздің тоңазытқышыңызды зақымдауы мүмкін!
- Сұйықтықтары бар сыйымдылықтарды тік қалпында, қақпағын тығыз жауып орнатқан жөн.
- Жаңғыш заттарды тоңазытқыштың жанында тозаңдатпаңыз.
- Тоңазытқышта жаңғыш материалдарды және аэрозольді қаптамадағы өнімдерді және т. б. сақтамаңыз.
- Тоңазытқыштың үстіне сұйықтықтары бар ашық сыйымдылықтарды қоймаңыз. Су шашырандыларының кернеу астындағы бөлшектерге тиюі электр тоғымен зақымдану және жану себебі болуы мүмкін.
- Жаңбырдың, қардың, күн сәулелерінің және желдің тоңазытқышқа әсер етуі электр тәуекелдерінің пайда болуына әкеледі.
- Тоңазытқышыңыздың орнын ауыстырған кезде оны есік тұтқасынан тартпаңыз. Ол сынып қалуы мүмкін.
- Сіздің қолыңыздың немесе денеңіздің басқа бөліктеріңіздің тоңазытқыштың ішіндегі жылжымалы бөліктеріне тиюіне жол бермеу үшін сақтық сақтаңыз.
- Тоңазытқыштың есікшесіне, жәшіктеріне және ұқсас бөлшектеріне тұруға немесе сүйенуге болмайды. Бұл тоңазытқыштың құлауына әкелуі және оның сынуының себебі болуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың жоғарғы қақпағына тұруға немесе ауыр заттарды орнатуға рұқсат берілмейді. Бұл корпусың деформациялануына әкелуі мүмкін.



Тоңазытқышты орнату және орнын ауыстыру кезінде электр кабелін қысуға және зақымдауға жол бермеу үшін сақтық сақтаңыз.

2-сур.

### 1.2. Көмірсутектердің болуы туралы ескертпе

Тоңазытқыш тез жанғыш болып табылатын газ R600a қолданылатын салқындату жүйесімен жабдықталған. Пайдалану немесе орнын ауыстыру кезінде жүйенің зақымдануына жол бермеу үшін сақтық сақтау қажет. Салқындату жүйесі зақымданған жағдайда, тоңазытқышты от көздерінен алып тастаңыз да, дереу орынжайды желдетіңіз.

### 1.3. Балалардың қауіпсіздігі

Қаптау материалдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау қажет. Балаларға тоңазытқышпен ойнауға рұқсат бермеңіз.

### 1.4. Кәдеге жарату жөніндегі нұсқаулар



Тоңазытқышқа электрлік және электрондық жабдықты Еуропалық Одақтың 2012/19(WEEE) директивасына сәйкес кәдеге жаратудың біліктілік белгісі салынған.

Тоңазытқыш қайтадан қолдануға болатын жоғары сапалы бөлшектер мен материалдардан дайындалған. Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін тоңазытқышты электрлік және электрондық жабдықты қайта өңдеу үшін қалдықтарды жинау станциясына жеткізу қажет.



**Электрлік және электрондық жабдық қалдықтарын бөлек жинау орындары туралы ақпарат үшін жергілікті органдарға жүгініңіз.**

### 1.5. ЕАЭО ТР 037 және ЕО зиянды заттарды пайдалануды шектеу жөніндегі директивасына сәйкестілік

Тоңазытқыш ЕАЭО ТР 037 «Электр техникасы мен радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентіне және ЕО зиянды заттарды қолдануды шектеу жөніндегі директивасына (2011/65/EU) сай келеді. Ол Директива мен регламентте көрсетілген зияды және тыйым салынған материалдарды қамтымайды.

### 1.6. Қаптаманы кәдеге жарату



Аспаптың қаптамасы қоршаған ортаны қорғау туралы мемлекеттік заңдарға сәйкес екінші рет қайта өңделуі тиіс шикізаттан дайындалған. Тұрмыстық немесе басқа қалдықтармен бірге қаптау материалдарын лақтырмаңыз. Қаптау материалдарын қалдықтарды жинау және жинақтау мақсаттары үшін ұйымдастырылған арнайы анықталған жерлерге (алаңдар) апарыңыз. Қаптамасын қалдық түрлері мен біртекті қалдықтардың (бөлек жинақтау) топтары бойынша бөлек үю қажет. Мысалы, қаптау қабықшасын пластик қалдықтарды жинауға арналған немесе екінші рет қайта өңделуі тиіс және т. б. қалдықтарды жинауға арналған контейнерге үю қажет. Қалдықтарды уақытша жинақтау орындарына нақты талаптар (соның ішінде контейнерлерді белгілеу түрлері) еңірлік құжаттардан табуға болады.



**Қалдықтарды бөлек жинау орындары туралы ақпарат үшін жергілікті органдарға жүгініңіз.**

### 3 Орнату


#### 3.1. Орнату үшін орын

1. Өндіруші Сізге «beko» бұйымын орнатуды және қосуды «beko» сервистік орталығының мамандарына сеніп тапсыруды ұсынады. Сондай-ақ, сіз осындай қызметтерді орнатуға сертификаты бар кез келген басқа ұйымға жүгіне аласыз.

2. Бұйымды орнату және қосу бойынша жұмыстардың ақысын төлеу сервистік орталықтың прейскуранты бойынша жүргізіледі. Орнату және қосу бойынша жұмыстарды төлеу шарттары қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

Дайындаушы азаматтар мүлкіне пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін және бұған уәкілеттілігі жоқ тұлғалармен жүргізілген орнату және қосу салдарынан келтірілген кез келген залал үшін ешқандай жауапкершілікті көтермейді.

3. Дайындаушының орнату және қосу бойынша талаптарын бұзған жағдайда, келтірілген залал үшін осы жұмысты жүргізген тұлға жауапты болады.



## Орнату



**Назар аударыңыз! Электр компоненттер оқшауламасының бұзылуы және/немесе тоңазытқышты орнату бойынша талаптарды сақтамау электр тогымен зақымдануға және/немесе тұтануға әкелуі мүмкін.**



**Тоңазытқышты асүй плитасының, радиаторлардың, қыздырғыш құбырлардың, газ құбырларының жанында орнатпаңыз. Бұл жалындауға әкелуі мүмкін.**



**Тоңазытқышты жылу немесе суық көздерінің жанында орнатпаңыз, өйткені бұл оның жұмысын қиындатады.**

Тоңазытқышты орнату кезінде ұсынылатын қашықтықтар

Асүй плитасынан	300 мм	Қабырғадан	50 мм
Радиаторлардан	300 мм	Қыздырғыш плиталардан	300 мм
Мұздатқыш камералардан	25 мм	Газ құбырларынан	300 мм
Екі тоңазытқыштың арасында	50 мм		

Тоңазытқышты жерге тұйықталған розеткаға қосу қажет. Егер сізде ондай розетка болмаса, білікті электрикке көмекке жүгінуіңізді ұсынамыз.



**Абай болыңыз! Дайындаушы шеттегі ұйымдармен келтірілген кез келген зиян үшін жауапты болмайды.**




**Абай болыңыз! Орнату барысында тоңазытқыштың электр кабелін электр қуатын беру желісіне қосуға рұқсат етілмейді. Осы ережені сақтамау күрделі жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.**

- Дірілдерге жол бермеу үшін, тоңазытқышты тегіс беткі қабатқа орнату қажет.
- Тоңазытқышыңызды тікелей күн сәулелерінің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Тоңазытқышыңызды температурасы  $-5^{\circ}\text{C}$  төмен орынжайларда сақтамаңыз.
- Тоңазытқышты қоршаған орта температурасы  $+10^{\circ}\text{C}$  төмен болған жағдайда қоспауды ұсынамыз.

## Орнату


### 3.2. Артқы қабырғада пластмассалық шектегішті орнату



5-сур.

Жеткізілім жиынтығына кіретін шектегішті суретте көрсетілгендей орнатыңыз. Ол тоңазытқыш пен қабырға арасындағы қажетті қашықтықты қамтамасыз етеді.

### 3.3. Тоңазытқышты тік қалпында орнату



6-сур.

Тоңазытқышыңыздың дұрыс тұруы үшін алдыңғы аяқшаларды оларды суретте көрсетілгендей бұрап реттеңіз.

Нәтижесінде тоңазытқыш есікшелер жақсы жабылуы үшін, тігінен 1-2 градусқа артқа қарай ауытқуы тиіс.

### 3.4. Электр қуатына қосылу



**Абай болыңыз! Электр қуатын қосқан кезде ұзартқышты немесе розетка блоктарын қолдануға рұқсат берілмейді.**



**Абай болыңыз! Зақымданған электр кабелін ауыстыру сертификатталған сервистік орталықпен орындалуы тиіс.**

Біздің компаниямыз жерге тұйықтамай және ұлттық нормативтерге сәйкес электр қуатын беруді қоспай пайдалану салдарынан болған кез келген ақаулар үшін жауапты болмайды.

Тоңазытқыш электр желісіне жерге тұйықтаушы түйіспесі бар екі полюсті розетканың көмегімен қосылады.

Электр желісіне қосар алдында:

- желі кернеуінің мынадай параметрлерге сәйкес келетініне: электр желісінің кернеуі 220-240 В; атаулы жиілік: 50 Гц;
- розетканың тоңазытқыштың желілік баусымының ашасына сәйкес келетініне және еуростандарт бойынша жасалғанына көз жеткізіңіз.
- электр розеткасының жерге тұйықтаушы түйіспесі бар электр желісінің қуат беруші кабелінің жерге тұйықтаушы сымымен тікелей жалғастырылған (жалғастырушы сым 10А кем емес токқа есептелген болуы тиіс);

Тоңазытқышты көрсетілгенге қатысты жоғары немесе төмен кернеу жағдайында қолдану компрессордың істен шығуына әкелуі мүмкін. Осы жағдайларда кернеу тұрақтандырығыштарын қолдану қажет.



**Назар аударыңыз! Сіздің тоңазытқышыңыздың қуат берудің үш-контактлі ашасы бар, ол жерге тұйықталуы тиіс.**



## 4 Дайындық

- Тоңазытқыш желілік баусым ашасына оңай қол жеткізуге болатындай етіп орнатылуы тиіс.
- Екі сымды электр желісіне қосылған тоңазытқышты параметрлер мәндері келесідей қорғаныстық өшіру құрылғысымен (ҚӨҚ) пайдалану ұсынылады: атаулы кернеулер ауқымы -2 20-ден 240 В/ 50 Гц дейін, іске қосылу шегі - 30 мА артық емес, іске қосылудың атаулы уақыты – 0,1 с.



**Тоңазытқышты қаптамадан алғаннан кейін және орнатқаннан кейін, тоңазытқышты электр желісіне қоспас бұрын 4 сағаттан кем емес уақыт күтіңіз - бұл тоңазытқыштың дұрыс жұмыс жасауы үшін қажет.**

- Пайдалануды бастар алдында компрессор мен артқы қабырға арасындағы кергілерді, сондай-ақ басқа кергілер мен желімдейтін таспаларды алып тастаңыз.

### 4.1. Есікшені басқа жаққа қайта орнату

Егер есіктерді ашу бағытын өзгерту қажет болса, біз авторластырылған сервистік орталыққа жүгінуді ұсынамыз.

Есіктерді өз бетімен немесе шеттегі ұйымды тартып қайта ілу кезінде есіктер зақымданған жағдайда өндіруші жауапты болмайды.

### 4.2. Электр энергиясын үнемдеу жөніндегі ұсынымдар



**Тоңазытқышты электрондық энергия үнемдеуші жүйелерге қосу тоңазытқыш үшін қауіпті.**

- Тоңазытқыштың есігін ұзақ уақыт бойы ашылған күйінде ұстамаңыз.
- Тоңазытқышты жапқан кезде, есіктің корпусқа тығыз жанасып тұрғанына көз жеткізіңіз.




**Тоңазытқышты әрқашан тұтқасынан ұстап ашыңыз. Есіктің шетінен ұстап ашу нығыздағыштың жарылуына әкелуі мүмкін.**

- Тоңазытқышқа ыстық тамақты немесе сусындарды орналастырмаңыз.
- Тоңазытқышты шамадан тыс толтырмаңыз: көп өнімді салқындату үшін электр энергиясының үлкен шығынын қажет етеді.
- Электр энергиясын үнемдеу атқарымын қосуға болады (егер ол сіздің үлгіңізде болса).



7-сур.

Өнімдерді орналастыру кезінде тоңазытқыш бөлімінде желдеткіштің қорғаныс панелінің алдында 3 см кем емес орын қалдырыңыз.



Тоңазытқыш камераларында өнімдердің температура қадағаларымен жанаспайтынына көз жеткізіңіз.

8 -сур.

#### 4.3. Алғашқы қолдану

Тоңазытқышты пайдалануды бастар алдында, «Қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау» мен «Орнату» тарауларының барлық нұсқауының орындалғанына көз жеткізіңіз.

**Тоңазытқышты қосыңыз да, оны өнімді салмай 6 сағат бойы жұмыс істеуге қалдырыңыз. Аса қажет жағдайларды қоспағанда, есікшелерді ашпаңыз.**



Компрессорды қосу кезінде дыбыс шығуы тиіс. Компрессор тіпті жұмыс істемей тұрған кезде дыбыстың болуы норма болып табылады және салқындату жүйесінде сығымдалған сұйықтықтар мен газдардың қозғалуына байланысты.



Тоңазытқыштың алдыңғы шеттері мен бүйір беткі қабаты қызуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Осы бөлшектердің құрылымдары конденсаттың пайда болуына жол бермеу үшін қыздыруды қарастырады.

**6 сағаттан кейін тоңазытқышыңызға өнімдерді салуға болады.**

## 5 Құрылғыны \*үлгіге байланысты қолдану

Сіздің тоңазытқышыңыздың ішіндегі температурасы өзгеруі мүмкін:

- орынжайдағы температураға байланысты;
- тоңазытқыш есікшелерін жиі ашқан кезде;
- егер тоңазытқышқа ыстық өнімдерді салсаңыз;
- тоңазытқышқа күн сәулелері әсер еткен кезде.

Бөлмедегі ауа температурасы 18 бастап 22 градусқа дейін болған жағдайда тоңазытқыш бөлімде температураны +5-ке, ал мұздатқыш камерада -18-ге орнату ұсынылады.


Бұл температураның оңтайлы теңшелімдері.

Теңшелімдерді өзгерту үшін дисплейдегі батырмаларды қолданыңыз. 9-сур.

### 5.1. Бейнебет \*үлгіге байланысты

① . ⑥ Басқарудың сенсорлық батырмалары

7 . 15 Индикаторлар



9-сур.

① Тоңазытқыш камерасындағы температураны басқару батырмасы:

Тоңазытқыш камерасында температураны теңшеу үшін 1-батырманы басыңыз (8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 8... сәйкесінше).

② Мұздатқыш камерасындағы температураны басқару батырмасы

Мұздатқыш камерасында температураны теңшеу үшін 2-батырманы басыңыз (-18, -19, -20, -21, -22, -23, -24, -18... сәйкесінше).

## Құрылғыны пайдалану

### 3 «Супермұздату» батырмасы

«Супермұздату» батырмасын белсенді ету үшін 3-батырманы басыңыз. 7-индикатор жанады, ал 12-индикатор тоңазытқыш камерасындағы қажетті температураны көрсетеді



Өнімдерді тең тоңазытқыңыз келсе, «Супермұздату» атқарымын қолданыңыз. Егер сізге жаңа өнімдердің үлкен санын тоңазыту қажет болса, осы атқарымды алдын ала қосыңыз.



Егер сіз «Супермұздату» атқарымын өшірмесеңіз, ол қажетті температураға жеткеннен кейін автоматты түрде өшеді.



### 4 «Жылдам салқындату» батырмасы

Жылдам салқындату үшін 4-батырманы басыңыз. Дисплейде 11-индикатор жанады, ал 15-индикатор тоңазытқыш камерасындағы қажетті температураны көрсетеді.



Бұл атқарымдар электр қуатын берудегі іркілістен кейін қалпына келмейді.



### 5 «Үнемді режим/бұғаттау» батырмасы

#### Үнемді режим

Тоңазытқышты үнемді режимге ауыстыру үшін 5-батырманы басыңыз.

Дисплейде 8-индикаторы жанады.

Тоңазытқыш осы атқарымды белсенді еткеннен кейін 6 сағаттан кем емес уақыт өткен соң максималды үнемді режим параметрлеріне шығады. Үнемді режим атқарымын өшіру үшін 5-батырманы тағы басыңыз.

#### Бұғаттау

5-батырмасын басып, оны үш секунд бойы ұстаңыз. Дисплейде 9-индикаторы жанады. Бұғаттау режимінде батырмалар жұмыс істемейді. Бұғаттауды алып тастау үшін 5-батырманы басыңыз да, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз. 9-индикатор өшеді, ал бұғаттау режимі сөнеді.



### 6 Қате индикациясын өшіру/ «Босату» режимі

#### Қате индикациясын өшіру

6 батырманы қолданыңыз, егер:

-13-индикатор жанып тұрса. Ол электр қуат беруіндегі іркілістер/ температураның көтерілуі / қателердің пайда болуы жағдайында жанады. 13-индикаторды өшіру үшін, 6-батырманы бір рет басыңыз.

#### «Босату» режимі

6-батырмасын басып, оны 3 (үш) секунд бойы ұстаңыз. Дисплейде 10-индикаторы жанады.

## Құрылғыны пайдалану

«Босату» режимінде 15-индикатор «--» белгісін көрсетеді де, тоңазытқыш камерасын салқындату ажыратылады. Осы атқарымды болдырмау үшін 6-батырмасын қайта басыңыз.

### Энергия үнемдеуші дисплей

Тоңазытқыш есігін жапқаннан/теңшелімдерді өзгерткеннен кейін бір минуттан соң 14-индикатордан басқа барлық нышандар өшеді. Бұл электр энергиясын үнемдеу үшін жасалған Есігін ашу/кез келген батырманы басқан кезде, таңбалар жанады.

### 5.2. Жаңа өнімдерді тоңазыту

- Сапаны сақтау үшін, мұздатқыш камераға орналастырылған өнімдерді максималды қысқа уақытта тоңазыту қажет. Бұл үшін «Супермұздату» батырмасын қолданыңыз, 5.1 т.
- Өнімдерді саңылаусыз қаптау және тығыз жапсыру қажет.
- Қаптау үшін мұздатқыш камераға арналған контейнерлерді, жұқалтыр мен ылғалды өткізбейтін қағазды, пластикалық пакеттерді немесе ұқсас қаптау материалдарын қолдануға болады.
- Қапталған өнімдерді мұздатқыш камераға салыңыз да, оны жабыңыз. Жаңа өнімдерді тоңазытылған өнімдермен жанастырмауға тырысыңыз.
- Тоңазытылған өнімдерді жібіткеннен кейін бірден тұтыну қажет. Оларды қайтадан тоңазытуға рұқсат берілмейді.
- Бір жолы өнімдердің үлкен санын тоңазытпаңыз.

### Тоңазытылған өнімдерді сақтау бойынша ұсынымдар

Температура теңшелімдері	Ұсынымдар
-18 °С	Бұл дайындаушы зауыттың стандартты теңшелімі
-20, -22 немесе -24 °С	Осы теңшелімдерді қоршаған орта температурасы 30 °С жоғары болған кезде қолдануға болады
Супермұздату, 5.1 т.	Бұл теңшелім өнімдерді тез тоңазытқыңыз келген кезде қолданылады. Үдеріс аяқталғаннан кейін құрылғы бастапқы теңшелімдерге оралады.

### 5.3. Есігін ашу дабылдамасы \* Үлгіге байланысты

Егер тоңазытқыш есігі 1 минуттан артық ашық қалса, дыбыс сигналы шығады. Сигнал есікті жапқан кезде немесе дисплейдегі кез келген батырманы басқан кезде (ондай болған жағдайда) өшеді. Сонымен қатар, тоңазытқыштың ішкі жарықтандыруы жыпылықтай бастайды. Егер ескертуші сигнал 10 минут созылса, тоңазытқыштың ішкі жарықтануы өшеді.

### 5.4. Ішкі жарықтандыру

Ішкі жарықтандыру үшін жарықдиодты шам қолданылады. Ол тұрғын үйді жарықтандыруға тағайындалмаған. Шам жарамсыз болған жағдайда авторландырылған сервис орталығына жүгініңіз.


## Құрылғыны пайдалану

### 5.5. Температура реттегіші \*үлгіге байланысты

Сіздің тоңазытқышыңыздың ішіндегі температурасы өзгеруі мүмкін:

- орынжайдағы температураға байланысты;
- тоңазытқыш есікшелерін жиі ашқан кезде;
- егер тоңазытқышқа ыстық өнімдерді салсаңыз;
- тоңазытқышқа күн сәулелері әсер еткен кезде.

Бөлмедегі ауа температурасы 18 бастап 22 градусқа дейін болған кезде температура реттегішін 2-3 қалпына қою ұсынылады.



Жоғарыда көрсетілген факторлармен туындаған ішкі температура өзгерістерін температура реттегішінің көмегімен реттеуге болады.


9-сур.

### 5.6. Тез мұздату

Егер сіз балғын азық-түліктің мол мөлшерін мұздатқыңыз келсе азық-түлікті тез мұздату камерасына салар алдында температура реттегішін No Frost үлгілер үшін ❄ қалпына немесе Static үшін «5» қалпына ауыстырып қойыңыз.

Мұздату өнімділігі ретінде көрсетілген азық-түліктің барынша мол мөлшерін мұздату үшін температура реттегішін осы қалпында 24 сағатқа қалдыру ұсынылады. Мұздатылған және балғын азық-түліктерді сақтаған кезде араластыруға болмайтынын ескертеміз. Температура реттегішін бастапқы қалпына ауыстырып қосуды ұмытпаңыз.

### 5.7. Үзіліс атқарымы (есіктегі бейнебеті жоқ No Frost үлгілер үшін).

Реттегішті қарама-қарсы жаққа қарай  қалпына дейін бұраған кезде үзіліс режимі жандандырылады. Үзіліс атқарымын жандандырған кезде тоңазытқыш камераны салқындату сөндіріледі, ал мұздатқыш камерадағы салқындату минималды деңгейде қолданады. Осы атқарымды іске қосқаннан кейін азық-түліктерді тоңазытқыш камерада сақтауға болмайды. Осы атқарымды сөндіру үшін температура реттегішін Сізге қажет болған қалпына дейін бұраңыз.

### 5.8 . Үзіліс атқарымы (Static үлгілер үшін).

Реттегішті қарама-қарсы жаққа қарай «0» қалпына дейін бұраған кезде үзіліс режимі жандандырылады. Үзіліс атқарымын іске қосқан кезде, тоңазытқыш камераларында салқындату сөндіріледі. Осы атқарымды іске қосқан кезде азық-түліктерді тоңазытқыштың камерасында сақтауға болмайды. Мұздату бөлімінде салқындату шамамен 25 °C қоршаған орта температурасында «Техникалық сипаттамалар» кестесінде көрсетілген уақыт ішінде сақталады, барынша жоғары температурада бұл уақыт кезеңі азаяды. Осы атқарымды сөндіру үшін температура реттегішін Сізге қажет болған қалпына дейін бұраңыз.

### 5.9. Everfresh жемістер мен көкөністерге арналған контейнер (жиынтықтау нұсқасы)

Көкөністерді контейнерге орналастыру кезінде көкөністердің көлемді салмағын ескеріп, ауыр және қатты көкөністерді түбіне, ал жеңіл және жұмсақ көкөністерді үстіне салу қажет. Жапырақты көкөністерді (мысалы, салат, асжапырақ және ылғалды жоғалтатын ұқсас көкөністер) осы жәшікте тамырларын төмен қаратып емес, көлденең жайғасымда, мүмкіндік болса - көп мөлшерде сақтау ұсынылады.

Жәшікте пластик пакеттегі көкөністерді сақтауға рұқсат берілмейді. Пластик пакеттерде сақтау көкөністердің жылдам шіруіне әкеледі. Егер басқа көкөністерге жанасуын қаламасаңыз, гигиенаны ескеріп, белгілі кеуектілігі бар басқа қаптау материалдарын — мысалы, қағазды қолданыңыз.

«everfresh» жәшік сәресіндегі әуе арналарының көмегімен ылғалдың оңтайлы деңгейі қамтамасыз етіліп, «everfresh» жәшігінде температуралық мәндердің айырмашылығы азайтылады, бұл азық-түлікті сақтауға арналған әдеттегі жәшікпен салыстырғанда көкөністер мен жемістерді сақтау мерзімін ұзартады.

## 6 Техникалық қызмет көрсету және тазарту

Жүйелі түрде тазарту тоңазытқыштың қызмет ету мерзімін ұзартуға жәрдемдеседі.



**Абай болыңыз! Тоңазытқышты тазартар алдында оны қуат беру көзінен ажыратыңыз.**




**Мұздатқыш камерадағы мұздың еруі тоңазытқыштың \*тек қана No Frost үлгілер үшін жұмыс істеуі кезінде жүзеге асырылады.**



**Абай болыңыз! Судың шамның қақпағына және басқа электр бөлшектерге тиюіне жол бермеңіз.**

- Тазарту үшін өткір немесе абразивті құрал-сайманды, сабынды, тұрмыстық тазартқыш құралдарды, жуғыш құралдарды, газды, бензинді, құрамында қышқыл бар құралдарды қолдануға тыйым салынады.
- Тоңазытқышты өнімдерден босатыңыз.
- Ішіндегісін шығарыңыз да, тоңазытқыш есікшесіндегі немесе корпусындағы сөрелерді алыңыз. Оларды сүртіп, кептіріңіз, одан кейін қайтадан орнына орнатыңыз.
- Біз тазарту үшін ас содасының ерітіндісін қолдануды ұсынамыз - бір стақан суға 1 шай қасығы.
- Тоңазытқыштың сыртқы беткі қабатын және хромдалған бөлшектерін тазарту үшін хлорланған суды қолданбаңыз. Хлор осындай металл беткі қабаттардың тоттануына әкеледі.
- Тоңазытқыштың артқы қабырғасындағы науаны суретке сәйкес ылғалды мата/ысқыш көмегімен жүйелі түрде тазартыңыз.



11-сур.

### 6.1. Жағымсыз иіске жол бермеу

Сіздің тоңазытқышыңыз ерекше иісі бар қандай да бір материалдарды қолданбай жасалған. Алайда өнімдерді жарамайтын бөлімдерде сақтау және ішкі беткі қабаттарды тиісінше тазартпау жағымсыз иістің пайда болуына әкелуі мүмкін.

Осыған жол бермеу үшін:

- Тоңазытқышты 6 т. сәйкес тазартыңыз;
- Өнімдерді саңылаусыз контейнерлерде сақтаңыз. Саңылаусыз сақтамаған жағдайда өнімдерде жағымсыз иіске әкелетін микроағзалар көбеюі мүмкін.
- Тоңазытқышта жарамдылық мерзімі өтіп кеткен өнімдерді сақтамаңыз.

Жағымсыз иіске жол бермеу үшін авторландырылған сервистік орталықта иістерді бейтараптау үшін сүзгіні сатып алуды ұсынамыз. Өйткені сіздің тоңазытқышыңызда оны сақтау үшін орын қалдырылған.

### 6.2. Пластмассалық беткі қабаттарды қорғау

Тоңазытқышта өсімдік (күнбағыс, зәйтүн, жүгері және т. б.) майларын сақтамаңыз.

Жануарлар майын арнайы контейнерлерде сақтауды ұсынамыз, өйткені майлар иістерді жақсы сіңіреді.



Пластикалық беткі қабаттарға төгілген май олардың зақымдануына әкелуі мүмкін, сондықтан оны дереу жылы сумен жуып-шаю қажет.

### 6.3. Static үлгілер үшін еріту\*

#### а) тоңазытқыш камерасы

Тоңазыту бөлігі автоматты түрде ериді. Қар суы дренаждық түтікке салқындатқыштың артқы бөлігінде қар суына арналған науа арқылы ағады. Су тамшылары мұздатқан кезде жасырын булағыш орналасқан тоңазыту бөлігінің артқы қабырғасына жиналуы мүмкін. Олар булағыштың қабырғасында қалуы және мұздату басталғаннан кейін қайтадан қатуы мүмкін. Пышақ немесе айыр түріндегі өткір немесе кескіш заттармен қатқан тамшыларды кетірмеңіз. Қандай да бір сәтте қар суының бойлық науадан (тоңазыту камерасындағы қар суына арналған науа) ақпайтынын анықтасаңыз, азық-түліктердің бөлшектерінің түсуі нәтижесінде дренаждық түтіктің бітелмегенін тексеріңіз.

Дренаждық түтікті арнайы қылшақпен, резеңке құбыршекпен немесе басқа қолайлы затпен тазартуға болады және бұдан кейін дренаждық түтікті сүртіп, оған бір стақан жылы су құйып ағызғышты тексеру керек.

Дренаждық түтіктің соңғы бөлігі электрлік бөліктерге немесе еденге судың түсуін болдырмау үшін сығымдағыштағы суды жинауға арналған науаға орналасқанына көз жеткізіңіз.



## Техникалық қызмет көрсету және тазарту


### б) мұздатқыш камера

Камераны жылына екі рет немесе қалыңдығы 7 мм дейін қырау қабаты жиналған кезде ерітіңіз. Ерітуді бастау үшін, штепсельді электрлік розеткадан алып шығарып, тоңазытқышты желіден ажыратыңыз. Барлық азық-түліктерді бірнеше қағаз орамына орап, салқын жерге үйіңіз (мысалы, тоңазытқышта немесе қоймада). Ерітуді тездету үшін, мұздату камерасына жылуы суы бар сыйымдықты абайлап қоя аласыз.

Қырауды кетіру үшін пышақ немесе айыр сияқты өткір немесе кескіш заттарды қолданбаңыз. Еріту үшін фенді, электрлік қыздырғышты немесе басқа қандай да бір ұқсас электрлік аспапты ешқашан қолданбаңыз. Мұздату камерасының ішіндегі пластикті қабырғаларды зақымдай аласыз. Мұздату камерасының түбінде жиналатын қар суын ысқышпен немесе шүберекпен сүртіңіз. Ерітіп болғаннан кейін мұздату камерасының ішкі жабынын құрғатып сүртіңіз. Керек-жарақтарын орнына қойыңыз. Бұдан кейін штепсельді ашасын розеткаға енгізіп, тоңазытқышты қосыңыз.

## 7 Жұмыс шуылдары

### Әдеттегі шуылдар



### Бөтен шуылдарды жою



## 8 Ақауларды жою

Сервистік орталыққа жүгінер алдында, төмендегі ұсынымдарға сәйкес ұсақ ақауларды өз бетімен түзете аласыз ба, соны тексеріңіз. Өйткені тоңазытқыш кепілдікте болса да, сізге сервистік орталық кеңесіне өз бетімен ақы төлеуге тура келеді.

	Ықтимал себептер	Әрекет/Шешем
Тоңазытқыш жұмыс істемейді	- қуат беру ашасы тірелгенше дейін салынбаған	- ашаны розеткаға тірелгенше дейін салыңыз
	- желіде кернеу жоқ	- асуіңіздегі автоматты сақтандырғыштарды тексеріңіз, розеткада кернеудің болуын тексеріңіз
Тоңазытқыш жиі және ұзақ уақытқа қосылады	- жаңа тоңазытқыш бұрынғысынан үлкен	- үлкен тоңазытқыштар ұзағырақ уақытқа қосылады
	- орынжайдағы температура тым жоғары	- тоңазытқышқа өнімдерді салқындату үшін көбірек уақыт қажет
	- тоңазытқыш қуат беру көзіне жақында ғана қосылды	- күте тұрыңыз. Тоңазытқышқа белгіленген температураларға жету үшін уақыт қажет. Бұл бірнеше сағатты алады
	- тоңазытқышқа жақында ғана жылы өнімдер үлкен мөлшерде салынды	- өнімдерді тоңазытқышқа салмас бұрын оларды салқындатыңыз
	- есікше жартылай ашық	- есікшенің екеуінің де тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз
	- есікшелер тым жиі ашылады немесе ұзақ уақыт бойы ашылған болып қалады	- тоңазытқыштың жұмыс істеу уақыты артады. Есікшені тым жиі немесе ұзақ уақытқа ашпаңыз
	- тоңазытқыштың ішінде тым төмен температура орнатылған	- жоғарылау температураны орнатыңыз да, қалыпты жұмыс режимін күте тұрыңыз
- есік нығыздағышы кір/зақымданған	- нығыздағышты тазартыңыз/зақымданған нығыздағыш ішіне жылы ауаны өткізуі мүмкін	

	Ықтимал себептер	Әрекет/Шешем
Сыртқы беттеріндегі ылғал тамшылары құрылымы	- орынжайдағы жоғары ылғалдылық	- ылғал азайғанда конденсат сөйіледі
Тоңазытқыш бөлім жәшігіндегі өнімдер тоңазиды	- тым төмен температура орнатылған	- жоғарылау температураны орнатыңыз
Тоңазытқыш немесе мұздатқыш камерадағы температура тым жоғары	- камералардың біреуінде тым жоғары температура орнатылған	- сәйкес камерада төмендеу температураны орнатыңыз
	- есікшелер тым жиі ашылады немесе ұзақ уақыт бойы ашылған болып қалады	- есікшелерді тым жиі ашпаңыз
	- есікше жартылай ашық	- есікшені тығыз жабыңыз
	- тоңазытқыш қуат беру көзіне жақында ғана қосылды немесе оған жаңа өнім салынды	- күте тұрыңыз. Тоңазытқышқа белгіленген температураларға жету үшін уақыт қажет. Бұл бірнеше сағатты алады
Діріл немесе шуыл	- тоңазытқышқа жақында ғана жылы өнімдер/өнімдердің үлкен мөлшері салынды	- өнімдерді тоңазытқышқа салмас бұрын оларды салқындатыңыз
	- тоңазытқыш тегіс емес бетке орнатылған	- егер тоңазытқыш шайқалса, аяқшаларды реттеңіз, 3.3 т.
	- шуылдың себебі тоңазытқыштың үстіндегі қандай да бір зат болуы ықтимал	- тоңазытқышқа орналастырылған барлық затты алып тастаңыз
Тоңазытқыш бүлкілдейтін дыбыстарды шығарады	- желдеткіш жұмыс істеп тұр	- бұл қалыпты және жарамсыздық болып табылмайды. «Жұмыс шулары» тарауын қараңыз
	- тоңазытқыштың жұмыс істеу қағидаты сұйықтықтар мен газдардың қимылын қамтиды	- бұл қалыпты және жарамсыздық болып табылмайды. «Жұмыс шулары» тарауын қараңыз
Көкөністерге арналған жәшіктердің қарысып қалуы	- өнімдер жәшіктің жоғары бөлімімен жанасады	- жәшіктегі өнімдерді қайта салыңыз
	- жәшік теріс орнатылған	- жәшіктің табандарға орнату дұрыстығын тексеріңіз

Ықтимал себептер

Әрекет/Шешем

	- өнімдер тоңазытқыш камераның артқы қабырғасымен жанасады	- өнімдерді шығарыңыз, тоңазытқышты жібітіңіз. Өнімдерді тоңазытқышта дұрыс орналастырыңыз, 4.2. т.
Тоңазытқыштың ішінде конденсаттың/қыраудың пайда болуы	- тоңазытқыштың жанында жылу көзі бар	- орнату дұрыстығын тексеріңіз, 3.1 т.
	- есікше тым жиі ашылады	- есікшені тым жиі ашпаңыз
	- тоңазытқыш есікшесі ашық қалдырылған	- есікшені жабыңыз
	- бөлмедегі жоғары ылғалдылық	- бөлмені желдетіңіз
	- тым төмен температура орнатылған	- температураны арттырыңыз
Есікше жабылмайды	- өнімдер теріс орнатылған	- өнімдерді олар жабуға кедергі болмайтындай етіп орналастырыңыз
	- тоңазытқыш теріс орнатылған	- тоңазытқышты реттелетін аяқшалар көмегімен тегістеңіз. «Орнату» тарауын қараңыз
	- жәшіктер/сөрелер теріс/аяғына дейін орнатылмаған	- жәшікті/сөрелені дұрыс орнатыңыз
Тоңазытқыш ішіндегі иіс	- тоңазытқышты жүйелі түрде тазартпау	- тоңазытқышты тазартыңыз. «Тазарту» тарауын қараңыз
	- контейнерлер мен қаптау материалдарды	- иісі жоқ контейнерлер мен қаптау материалдарын қолданыңыз
	- өнімдерді саңылаусыздығы бұзылған контейнерлерде сақтау	- өнімдерді саңылаусыз контейнерлерде сақтаңыз. Өнімдердің жарамдылық мерзімдерін тексеріңіз де, мерзімі өтіп кеткендерін алып тастаңыз
	- сығымдағыштың науасы ластанған	- сығымдағыштың науасын тазартыңыз. «Тазарту» тарауын қараңыз

